

**Байғанин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 399 "**  
**Байғанин ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін**  
**айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 85 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 қарашада № 8445 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 ақпандағы № 129 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 19.02.2024 № 129 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 399 " Байғанин ауданында тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін және тәртібін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7906 болып тіркелген) шешіміне төмендегідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен айқындалған Байғанин ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

11 тармақтың 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"10) Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеу "Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуін өтеу мөлшерін айқындау және қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 28 шілдедегі № 295 Н/Қ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33200 болып тіркелген) сәйкес белгіленеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байғанин аудандық  
мәслихатының төрағасы*

*М. Сержан*